

Турабаева Д.С.

КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТ ТУТУМУНУН ТҮЗҮМҮН УЮШТУРУУ ЖАНА КАЛЫПТОО МАСЕЛЕЛЕРИ

Турабаева Д.С.

ПРОБЛЕМЫ ОРГАНИЗАЦИИ И ФОРМИРОВАНИИ СТРУКТУРЫ СУДЕБНОЙ СИСТЕМЫ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

D.S. Turabaeva

PROBLEMS OF THE ORGANIZATION AND FORMATION OF THE STRUCTURE OF THE JUDICIAL SYSTEM IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

УДК 342.5

Мақалада Қазақстан Республикасында сот жүйесі құрылысын ұйымдастыру және қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: *сот, жүйесі, ұйымдастыру, қалыптастыру проблемасы.*

В статье рассматриваются актуальные проблемы и пути организации и формирования структуры судебной системы в Республике Казахстан.

Ключевые слова: *суд, система, организация, формирование, проблема.*

In the article examined actual issues of the day and ways of organization and formation of the structure of the judicial system in Republic of Kazakhstan.

Key words: *court system, organization, formation, problem.*

Демократиялық бағытты батыл ұстанған елімізде үш биліктің дара бір тармағы – сот билігі де үлкен ізденіспен әрекет етуде.


Республиканың сот құрылысы ұдайы жетілу үстінде. Сот құрылысының қандай кезеңдерде және қалай дамығаны жөнінде қысқаша тарихына жүгінейік. Еліміздегі жаңа бағыттағы сот жүйесін құру бүгінгі күнге дейінгі төрт кезеңге бөлінді. Тәуелсіздіктің алғашқы екі жылында сот реформасын тиянақты әрі тиімді жүргізудің алғы-шарттары жасалды. Мемлекеттік билікті бөлуде сот билігінің өзіндік орны алғаш рет белгіленді. Яғни, сот құрылымы мен сот өндірісі және судьялардың құқықтық мәртебесі анықталып шешілді. Мәселен, 1990 жылы 23 қарашада қабылданған «Қазақ ССР-інің сот құрылымы» туралы заңда жергілікті және Жоғарғы Соттың судьяларын сайлаудың мерзімі он жылға дейін ұзартылды. Әрі соттарды қамтамасыз етудің рөлі арттырылды. Мұның өзі еліміздегі сот жүйесіне мызғымас тұғыр болып қаланды [1, 76-80 б.]. 1994 жылы-ақ елде құқықтық реформа басталды. 1999 жылғы тамызда реформаның екінші кезеңін жүзеге асыруға байланысты бағдарламалар

талқыланды. Оның мақсаты – қол жеткенді баянды етіп, Қазақстан Республикасында сот құрылысын одан әрі жетілдіру. Сот мемлекеттік орган ретінде әрекет ете отырып, жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының сақталуына әлеуметтік бақылау жасау, өмірдің кез келген саласында қоғам мүшелері мен мемлекет арасындағы дауларды шешу сияқты өзіндік ерекшелігі бар функцияларды жүзеге асырады.

Құқықтық реформаның бастапқы кезеңінде халықаралық құқық нормаларының озық үлгілеріне сүйене отырып, елдің конституциялық құрылысына сәйкестендіріле қабылданған заңдар хаттамасы мемлекеттік құрылысымызды дамыған елдердің құқықтық жүйесіне бірталай жақындата түскені сөзсіз.

Жалпы алғанда, белгілі бір ғылыми маңызы бар, яғни заңды қолдану саласының барынша кеңеюіне және сот тәртібімен қаралатын жекелеген нұсқаудағы істердің барған сайын көбеюіне байланысты Республикада мамандандырылған соттар құру идеясы негізінде алғашқы қадам ретінде судьяларды экономикалық қатынастар саласына мамандандыру қажет деген ұсыныстар өте орынды.

Біздің елдегі сот жүйесінің мемлекетіміздегі қызметін ұйымдастыру – бірінғай қағидаларға негізделген, мақсаттары мен міндеттерінің ортақтығы арқылы өзара байланысты, әрбір соттың қатаң белгіленген құзыры барлық соттардың жиынтығы болып табылады [2, 6 б.]. Қазақстан Республикасының сот жүйесі Конституциямен және Республиканың конституциялық заңымен белгіленеді. Қазақстан Республикасының соттар жүйесін Жоғарғы Сот және заңға сәйкес құрылатын жергілікті соттар құрайды. Жергілікті соттарға облыстық және оған теңестірілген соттар (Алматы қалалық соты, Астана қаласының соты, Қазақстан Республикасы әскерлерінің Әскери соты), аудандық, қалалық және әскери соттар жатқызылады.



Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Республиканың Жоғарғы Соты және Республиканың жергілікті соттары Республиканың соттары болып табылады. Сот Қазақстан Республикасында сот төрелігін жүзеге асыратын бірден-бір орган.

Жоғарғы Сот Жоғарғы Соттың Төрағасынан және судьялардан тұрады.

Жоғарғы Соттың органдары:

- 1) жалпы отырыс;
- 1-1) жалпы отырыстың төралқасы;
- 2) азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы;
- 3) қылмыстық істер жөніндегі қадағалаушы сот алқасы қадағалау алқасы.

Соттың жанынан ғылыми-консультациялық кеңес және баспа органы құрылады.

Жоғарғы Соттың азаматтық істер жөніндегі алқасы мен қылмыстық істер жөніндегі алқасын – алқа төрағалары, ал қадағалау алқасын Жоғарғы Соттың төрағасы басқарады. Әр алқадағы судьялар саны Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынысымен соттың жалпы отырысында белгіленеді. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың Төрағасы жасақтайды. Жоғарғы Соттың сот алқасының төрағасы судья болып табылады.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы» Заңында жергілікті соттардың қарауына жататын азаматтық, қылмыстық және өзге де істер жөнінде және заңда көзделген іс жүргізу нысанында жергілікті соттардың қызметін қадағалайтын Республикадағы Жоғарғы сот органы Жоғарғы Сот болып табылады деп көрсетті. Осы Заң шеңберінде Республикада қандай соттардың болуына жол берілетіні көрсетілген. Соттар жүйесін Жоғарғы соттан басқа жергілікті соттар құрайды, яғни:

1. Облыстық және оларға теңестірілген соттар (Республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған сот – Қазақстан Республикасы Әскерлерінің Әскери соты және басқалар);

Облыстық сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Облыстық соттың органдары:

1) жалпы отырыс;

1-1) жалпы отырыстың төралқасы;

2) азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы;

3) қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасы;

4) кассациялық сот алқасы болып табылады.

Апелляциялық сот алқасын лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

Кассациялық сот алқасын «Қазақстан Республикасының **сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы**» Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын облыстық сот төрағасы басқарады [3].

Облыстық соттың судьялары заңда белгіленген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Аудандық және оларға теңестірілген соттар (қалалық, ауданаралық, мамандандырылған сот – гарнизонының әскери соты және басқалар).

Бұл сотты уәкілетті органның Жоғарғы Сот Төрағасымен келісілген ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, қайта атайды және таратады. Аудандық сот Конституцияда және Сот жүйесі туралы Конституциялық заңда белгіленген тәртіппен тағайындалатын төрағадан және судьялардан тұрады. Аталған сот бірінші инстанциядағы сот болып табылады және заңда көрсетілген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Республика Конституциясында белгіленгендей, кез келген басқа органның лауазымды тұлға немесе басқа тұлғаның сот функцияларын өзіне алуға қақысы жоқ. Сонымен қатар Конституция қандай да бір атаумен арнаулы және төтенше соттар құруға жол бермейді. Дегенмен, 2000 жылы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және соттар мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 3 бабының 3 тармағында «мамандандырылған соттар құру мүмкін» екендігі көрсетілген. Міне, осыған байланысты сот-құқықтық реформаның екінші кезеңінде экономикалық соттарды құру туралы сөздер көп айтылды. Өйткені, меншік түрлерінің көбейіп, нарықтық бел алуына және ел экономикасын дамытуға шетел инвесторларының көптеп тартылуына байланысты соттарда қаралатын істердің ішінде шаруашылық даулар көп кездесуде. Осыған орай арнайы мемлекеттік сот құру қажеттілігі айқындалды. Экономикалық соттарды құру қажеттілігі Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қарашадағы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Шетелдер инвесторлар кеңесінің 2 мәжілісінің кеңесімен ұсыныстарын орындау жөніндегі шаралар туралы» № 95 Өкімінде көрсетілген еді. Қазақстан Республикасының Президенті 2000 жылы қазан айында кәсіпкерлік мәселелер жөніндегі республикалық кеңестен кейін шаруашылық және экономикалық дауларды қарайтын мамандандырылған соттарды құру туралы тікелей тапсырма берген болатын. Оны орындау үшін Жоғарғы Сот жанындағы Сот әкімшілігі жөніндегі комитет пен Жоғарғы сот Төрағасының тікелей басшылығымен түбегейлі айналысуға берілді.

2001 жылы маусымда өткен Қазақстан судьяларының үшінші съезінде республика Президенті мамандандырылған соттар жүйесін - бірінші кезекте экономикалық және әкімшілік соттарды кезек-кезеңмен құру жөніндегі жұмысты жалғастыру міндетін қойды.

Байқап көру ретінде құрылған экономикалық соттардың 2001 жылғы қызметін талдау республиканың барлық облыстары мен Астана қаласында экономикалық соттарды құру орынды болатынын көрсетті. Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен байқап көру ретінде Алматы және Қарағанды қалаларында ауданаралық мамандандырылған экономикалық соттар құрылып [4, 6 б.], жұмысқа кірісіп кетті. Содан олардың жұмыстарының нәтижесінде *Президенттің 2002 жылғы ақпандағы Жарлығымен аталған соттар еліміздің қалған барлық 14 аймағында өмірге келсе, Астана мен Алматыда мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттар құрылып, кейін 2004 жылдың 9 қыркүйегінде барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларда ашылды. 2007 жылдың 23 тамызындағы Президенттің Жарлығымен Астана және Алматы қалаларында жасөспірімдер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар құрылып, кейін барлық облыс орталықтары мен ірі қалаларда жұмыс*

istedi. барлык облыстары мен Астана қаласында мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар құрылды [5, 5 б.].

Қазақстан Республикасында ең әуелі өз қызметін мамандандырылған соттардың біріншісі Әскери соттар бастады.

Әскери соттар – мемлекеттің жалпы юрисдикциясы жүйесіндегі Жоғарғы Сот қадағалауындағы ҚР Қарулы Күштеріндегі сот билігі органы болып табылады. 1992 жылдан бастап құрылған осы соттарда 10 әскери гарнизон соттары және облыстық соттарға теңестірілген республика әскерлерінің Әскери соты қызмет етеді. Жоғарыда айтылғандай, мамандандырылған соттар қатарындағы, яғни гарнизон әскери соты бірінші саты (инстанция) болып табылады. Әскери сот – облыстық сот мәртебесіне ие және оның құрамына: қадағалау алқасы; азаматтық істер алқасы; қылмыстық істер алқасы; мәжіліс кіреді [6, 4 б.].

Қазақстан Республикасында жаңа мамандандырылған сот – Алматы қаржылық соты құрылды. Бұған Президенттің 2006 жылғы 17 тамыздағы «Алматы қаласында мамандандырылған қаржылық сот құру туралы» Жарлығы негіз болды. Сонымен, осы Жарлықта Алматы қаласында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығына қатысушылардың азаматтық-құқықтық дауларын уәкілетті, облыстық сотқа теңестірілген қаржылық сот құрылсын делінген. Қазақстанда құрылған Алматы өңірлік қаржы орталығы Британдық іс-тәжірибеден үйренуде. Бұл сот істерді құқықтық іс жүргізу нысанында қарайды, облыстық сотқа теңестірілген, шешімдеріне наразылық білдіру тікелей ҚР Жоғарғы сотына жіберіледі. Сотта іс жүргізу мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізіледі. Бұл сот құрамында білікті 7 судья бар [7, 7 б.].

Республикада соңғы уақытта бір сот құрылды, бұл сот – кәмелетке толмағандардың істерін қарайды (ювеналдық әділет), қазірде жұмыс істеу үстінде. Еліміздің Жоғарғы сотында арнайы әзірлік жұмыстары жүргізіліп, Ішкі істер министрлігі тиісті заң актілеріне өзгерістер дайындады, Жоғарғы сот бірқатар жобаларды жүзеге асыруға алғышарттар да жасады.

Елімізде құрылып жатқан осы соттардың болашақта оң нәтиже беретіні анық. Біздің пайымдауымызша, кейінірек өмір талабына сай отбасы, еңбек, кеден мәселесі бойынша соттар құрылуы мүмкін.

Мамандандырылған ауданаралық соттардың құрылуын бұрынғы төрелік соттарды қалпына келтіру деп бағалауға болмайды. Бұл қате көзқарас болар еді. Өйткені, мысалы, бұрынғы төрелік соттардың құқықтық мәртебесі – облыстық және оған теңестірілген соттардың мәртебесіне тең болса, мамандандырылған соттардың құқықтық мәртебесі – аудандық және оған теңестірілген соттардың мәртебесіне тең болады. Сол сияқты, төрелік соттар қабылдаған сот қаулыларына тек Қазақстан

Республикасының Жоғарғы Сотына шағымдануға болатын еді, ал экономикалық соттардың қаулыларына облыстық және оған теңестірілген соттардың азаматтық істер жөніндегі және қадағалау алқасына арыздануға болады.

Экономикалық соттар мен төрелік соттардың құқықтық мәртебесі мен іс жүргізушілік өкілеттіктерінің әр түрлі екенін жоғарыда келтірілген дәлелдерден байқауға болады.

Сондықтан мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар демократиялық бағыттағы реформалар нәтижесінде дүниеге келген, сот жүйесінің жаңа сатысы деп бағалау қажет. Бұл күнде мамандандырылған әкімшілік соттардың құрылуы да реформаның жемісі деуге болады.

Жалпы бүкіл сот жүйесін сот органдары басқарады, олар көпшілік елдерде бір мезгілде конституциялық соттың функциясын орындайды. Кейбір елдерде Конституциялық соттар жалпы өкілетті соттар жүйесіне кірмейді. Конституциялық соттың мүшелерін бір елдерде парламент сайласа, басқаларында президент тағайындайды. Бірқатар мемлекеттерде Конституциялық соттың мүшелері президентпен, парламентпен және басқа билік, әділет органдарымен бір мезгілде сайланады.

Мысалы, АҚШ-тың сот жүйесіне федералдық соттар, штаттардың соттары және жергілікті соттар кіреді. Федералдық жүйе аудандық, округтік соттардан және АҚШ-тың Жоғарғы сотынан тұрады. АҚШ-тың Жоғарғы Соты бірінші инстанция соты болып табылады және төменгі соттардың істерін қадағалайды.

Италия сот жүйесіне Жоғарғы кассациялық сот, азаматтық істер жөніндегі соттар, қылмыстық істер жөніндегі соттар, сондай-ақ апелляциялық соттар кіреді. Италияда мемлекетті басқару ісінде Конституциялық сот ерекше орын алады.

Англияда барлық судьяларды монарх тағайындайды. Басқа елдерде сот органдарын қалыптастырудың өзге ережелері қолданылады [8, 70 б.].

Қазақстан Республикасының Конституциясы қылмыстық іс жүргізуге алқа заседательдерінің қатысуына жол берді. Ал алқа соттарын құру аса маңызды болып табылды. Өйткені кәсіби мамандар белгілі бір істі біліктілікпен шешуі үшін. Кейбір пікірлер бойынша, Қазақстан үшін француз алқа сотының үлгісі анағұрлым оңтайлы. Бұл үлгідегі сот тараптарының құқықтары мен мүдделерінің сақталуына барынша кепілдік берілуін, кеңесу бөлмесінде адамның кінәлілігіне немесе кінәсіздігіне қатысты мәселелерді талқылауға біліктілікпен қатысуын қамтамасыз етеді.

Ал кейбір заңгер-ғалымдардың пікіріне сәйкес, Англия мен АҚШ-та қолданылып жүрген, ағылшын саксондық құқықтық жүйеге кіретін алқа заседательдерінің сот жүйесі Қазақстан мемлекеті үшін тиімді болар еді дейді.

Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы Конституциялық заңының 3-бабына сәйкес Қазақстан Республика-

сында алқа заседательдерінің қатысуымен соттар сатысының құрылу мүмкіндігі қарастырылған. Сол кезеңдердегі өзекті мәселелердің бірі және ең маңыздысы – алқа заседательдерінің қатысуымен сот өндірісін құру болып табылды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев 6 маусым 2001 жылы Қазақстан Республикасы судьялар одағының үшінші съезінде сөйлеген сөзінде, негізгі сегіз міндеттердің бірі ретінде – сот әділдігін алқа заседательдерінің қатысуымен жүзеге асыруды атаған еді [9]. Сондықтан біздің елімізде алқа заседательдерінің қатысуымен соттар құрудың құқықтық және экономикалық негіздері толығымен талкыланып, қазірде тәжірибеде қолданыста бар деп қорытындылауға болады.

Сот-құқықтық реформаның Қазақстан Республикасындағы даму бағыттары және оның болашағы туралы тұжырымдар Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі Жарлығымен мақұлданған «Қазақстан Республикасындағы құқықтық саясат» тұжырымдамасы жасалғандығы баршаға мәлім. Бағдарламаның түпкі мақсаты – қоғамды демократияландыратын институттарды дамыту, қайта құрулар арқылы «Азаматтық қоғам» құруға жағдай жасау. Бұл сот-құқықтық реформа республикадағы саяси экономикалық өзгерістерге сай келетін, құқықтың инфрақұрылымдары құруды көздейді [10, 6 б.].

Соттардың қызметіне құқықтық және қоғамдық баға берген кезде, субъективтік пікірмен қатар, кейбір объективті жағдайлар да ескерілуі тиіс. Мысалы, соттардың өкілеттілігі заң қолданумен шектелетіндігін ескеретін болсақ, қазіргі қолданыстағы кейбір заң актілерінің реттелетін қоғамдық қатынастарды толығымен қамтымайтындығы, заңды дайындау және қабылдау процесінің қоғамдағы өзгерістерден кешеуілдеп қалатындығы, жалпы заңдардың сапасы туралы айтылып жүрген пікірлердің негізді екенін жоққа шығаруға болмайды.

Мемлекеттің ізгілікті мақсаттары құқықтың мемлекет өмірінің барлық саласында қолданылуын қамтамасыз ету қажеттігімен мейлінше тікелей байланысты болуына негізделген. Яғни, жеке адамды құқықтық жағынан қоғауға бағытталған идеялардың тұжырымдамалық мазмұны мемлекеттің Негізгі Заңынан көрініс табуға тиіс. Өйткені, мемлекеттің құқықпен өзара байланысы мемлекеттік биліктің кезкелген тармағының құқыққа бағынуы, мемлекеттің, оның органдарының, лауазымды адамдардың жалпыға бірдей міндетті құқықтық нұсқаулармен байланыстылығы тұрғысында ғана көрінуге тиіс.

Бұл орайда Парламенттің сот құрылысы және сотта іс жүргізу жүйесін дамытуға бағытталған ғылыми тұжырымдамаларды да, заң жобаларының өзін де әзірлеуге тәжірибелі сот қызметкерлерін

неғұрлым белсенді түрде тартуы белгілі дәрежеде тиімді. Қазіргі жағдайда сот жүйесін дамытудың түрлі жаңа бағыттарын талқылау кезінде мұндай тәжірибені жүзеге асырудың ерекше маңызы бар.

Мемлекеттік биліктің дербес тармағы, сот билігін ұйымдастырып, оның қызметін жетілдіруге ықпал жасайтын осы заманғы конституциялық-құқықтық құралдарды жаңа сападағы теориялық зерделеудің ерекше мәні бар, бұл нақты өмір шындығы арқылы болжанатын түпкі мақсатпен – ең бастысы Қазақстан Республикасы Конституциясы идеяларының қағидалары мен ерекшеліктерінің сот қызметінде нақты көрініс табуымен тығыз байланысты [11, 25 б.]. Сонымен өмір ағыны, ұдайы өзгеру үстіндегі тәжірибе, мемлекет пен қоғамның даму болашағы пайымдаулар негізінде зерттеліп отырған институттардың өзара қарым-қатынас тәжірибесіне мүлде жаңа, әзірге беймәлім нысандар мен әдістерді енгізуі де мүмкін.

Әдебиеттер:

1. Сәбікенов С. Сот жүйелері // Заң және заман. - 2001. - № 1. - 143 б.
2. Б. Мақұлбеков «Сот төрелігін жүргізу және оның құқықтық негізін жетілдіру» // Заң газеті. № 42, 2000ж. - 6 б.
3. Қазақстан Республикасының **сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы 2000 ж. 25 желтоқсандағы № 132-II Конституциялық Заңының 11-бабының 3-тармағы** (07.11.2014 N 245-V заңымен өзгерістер енгізілді) [Электронды ресурс] // Режим доступа: <http://www.zakon.kz> (дата обращения 19.11.2014).
4. Қазақстан Республикасының Конституциясы 30.08.1995-ж. - Алматы: ЮРИСТ, 2007. - 12 б.
5. «Мамандандырылған ауданаралық экономикалық және әкімшілік соттарды құру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Егемен Қазақстан газеті, 2002 жыл 13 ақпан. - 5 б.
6. Мукушева А., Коречук В. Военные суды: необходимость или роскошь? // Юридическая газета. от 31.03.1999 г. № 13 (280). - с. 4.
7. Қаржылық сот жайында – тілші әңгімесі // Заң газеті. - 10.01.2007 ж. - 7 б.
8. Гунель М. Введение в публичное право. - М. - 2008. - с. 346.
9. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 6 маусым 2001 жылы Қазақстан Республикасы судьялар одағының үшінші съезінде сөйлеген сөзінен [Электронды ресурс] // Сайт Верховного суда. Режим доступа: <http://sud.kz> (дата обращения: 29.09.2014).
10. «Республиканың құқықтық саясат тұжырымдамасы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // Егемен Қазақстан 20.09.2002. - № 949. - 6 б.
11. С. Жәмкенұлы Сот реформасы тереңдетіле бермек. - Тұраби. - № 5. - 2000. - 35 б.

Рецензент:

кандидат юридических наук Тайлакова С.Дж.